

ӘОЖ 37.02

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТАБЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ

Нұғман Гүлмарал Нұрланқызы

gulmaralnugman@gmail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, 5В012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: – Г.К.Шолпанқұлова

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты шаралар негізінде еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасау және қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту қажеттігін атап өтуі қоғамның әлеуметтік және экономикалық табыстылығын анықтайтын білім беру жүйесін дамыту ерекше басымдыққа ие екендігін көрсетеді [1].

Осы орайда әлемдік білім беру модернизациясының басты тенденциясы заманауи білімнің табыстылығын өзгермелі өмір жағдайында қоғам игілігіне өнімді еңбек етуге және табысты әлеуметтенуге икемді, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру міндетін айқындайды.

Құндылық категориясы «табыс» адамның өмірдегі табыстылығын түсінуін білдіріп, оның шығармашылық, танымдық әрекет түрлері мен ұжымдық өзара әрекеттесу тәжірибесін байытып, білімнің маңызын күшейтеді. Оған білім беруді тұлғаның әлеуметтік жетілуі мен даралық өсуіне қамтамасыз ететін қабілеттері және мінез-құлқын өздігінен жетілдіру үрдісі және оның нәтижесі деп түсіндіруі (ЮНЕСКО) нақты дәлел бола алады [2].

Кез келген жеке тұлға белгілі бір кезеңінде социумға тән құндылықты бағдарларды меңгере отырып, әлеуметтену процесінде дамиды және қалыптасады. Әрбір жеке тұлға

алғашқы (отбасы) және екінші (басқа да әлеуметтік институттар: балабақша, мектеп, ЖОО және т.б.) әлеуметтену процесінде оқыту мен тәрбиелеуден өтіп, белгілі бір өмір сүру стиліне қосылады және табысты өмір мен табысты өмірді өзінің түсіну өлшемінде табыстылықтың белгілі бір деңгейіне қол жеткізуге ұмтылады.

XXI ғасырда әлемдік білім беру кеңістігіне сәйкес білім алу, жалпы ғаламдық таным мен ойлауды дамыту, ұлттың интеллектуалды әлеуетін арттыру, іс-әрекет субъектісі болуына мүмкіндік туғызу кезек күттірмес міндет. Бұл міндеттер қоғамның сұраныстарына сәйкес отандық білім беруді жетілдірудің ғылыми-практикалық жолдарын зерттеумен, білім беру практикасында кеңінен қолданылатын жаңа тәсілдермен жүзеге асырылады.

Жасөспірімдердің табысты әлеуметтену процесін теориялық тұрғыдан негіздеуде «әлеуметтену», «табыс», «табыстылық», «табысты әлеуметтендіру» «жасөсірім» ұғымдарының мәніне назар аударылады.

Қазіргі таңдағы білім беру ошақтарының негізгі мақсаттарының бірі қоғамға пайдалы тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Демек, мектептің міндеті оқушылардың табысты әлеуметтенуіне қолайлы жағдай жасау.

Н.Е.Щуркова табысты оқу еңбегі барысындағы жеке жетістіктерді субъективті бағалау ретінде қарастырады. Алайда табыс жайлы сөз қозғағанда мысалы, емтиханда түскен ең оңай билет сияқты сәттілік немесе бақытты жағдайдан гөрі белгіленген мақсатқа жетудегі жақсы нәтижелілік, т.б. ескереміз деп түсіндіреді [3].

«Табысты әлеуметтендіру» ұғымы «табыс» және «табыстылық» ұғымдарымен байланыста қарастырылады. Табыс идеясы қазіргі уақыттың ерекше белгісі, өмірдің барлық саласында (шығармашылық, карьера, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік бағдар) ерекше маңызға ие болуда.

С.И. Ожегов сөздігінде «табыс» ұғымына үш мағынада анықтама берілген: 1) Қандайда бір жетістікке жетудегі сәттілік; 2) Қоғамның мойындауы; 3) Қоғамдық мәнділік; жұмыстағы, оқу-танымдық іс-әрекеттегі жақсы нәтижелер [4].

Тарихи тұрғыдан ежелгі мәдениеттің негізгі белгісінің бірі ретінде сол кезеңдердегі педагогикалық ойлардың және тәрбие мен оқытудың дәстүрлі жолдары табыстылықтың пайда болуының алғышарттары болып табылады.

Барлық уақытта қоғамға лайықты өзіндік ерекшелігі бар тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті болған. Әл-Фараби басқарушы адам алты түрлі талапты қанағаттандыратын болуы керек, олар: даналық, ертеден келе жатқан дәстүрлерді білу және құрметтеу, тапқырлық, көрегендік, шешендік, соғыс бола қалғанда басшылық етуге мүмкіндік беретін күш – қуат пен денсаулық деп атап көрсеткен [5].

Демокриттің пікірінше, оқу еңбектің негізінде ғана әсем дүниелерді тудырады, табысқа жету үшін оқушыларда психологиялық тұрғыдан алғышарт болуы қажет, егер оқушы жеңіл ойлы болса, онымен жүргізілетін жұмыс сәтсіздікке ұшырайды [6].

Аристотель бақыт пен жоғары игілік адамға тән, оған толық жетілуге ұмтылған жағдайда белсенділіктің арқасында ғана жетеді. Демек, жай ғана өмір сүрумен тынбау керек, себебі өсімдіктер де тіршілік етеді, ал сана белсенділігі – адамға тән мақсат деп есептеген [7].

М.Квинтилиан «табыс» ұғымын тәрбиеленушінің оқу әрекетімен тығыз байланыста қарастырып, оқу ол үшін қызықты болуы керек, оны мақтап, мадақтап отыру керек, оның табысына қасындағы жолдастары қызығатындай болуы керек, жасөспірімдер үшін бұл өте маңызды, адам қай салада табысқа жеткісі келсе, сол саланы терең зерттеуі керек деп тұжырымдайды [8].

Жоғарыдағы ойшылдардың пікірлері табысты әлеуметтенуші оқушы тұлғасын қалыптастыруда маңызды фактордың бірі екендігін көрсетеді.

Демек табыс тұлғаның қазіргі заманғы қоғамдық нормалар, құндылықтар, дәстүрлер жүйесін меңгеру деңгейін көрсететін әлеуметтік сапасы болып табылады.

Педагогика ғылымында «табыстылық» тұлғаны жетістікке бағыттайтын белгілі бір түрткі, оның құндылықтары, коммуникативтік дағдылары, когнитивтік қабілеттері, сана-сезімінің бағдары ретінде қарастырылады. Мысалы, кейбір ғалымдар «табыстылық –

тұлғаның мотивациясын, өзін-өзі танытуын, өзін-өзі ұйымдастыруын, әлеуеттік мүмкіндіктерін қамтамасын ететін интегративті сипаты» - деп есептейді [9].

Әлеуметтік-психологиялық көзқарас тұрғысынан «табыс» қоршаған орта мен тұлға әрекетінің нәтижесі арасындағы оңтайлы арақатынасты сипаттайды.

Психология ғылымында «табыс» жеке тұлғаның көздеген нәтижесінің күткенінен де асып түскендігін сипаттайтын қуаныш, шаттық, қанағаттану сезімдерін бастан кешіруін, осы күйдің негізінде тұрақты сезімдері, қызметтің жаңа себептері қалыптасуы мүмкін, соған байланысты тұлғаның өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қадірлеу деңгейі де өзгеретінін көрсетеді.

Педагогикалық психология контекстінде іс-әрекет табыстылығы жақын, алыс, жаһандық, нақты педагогикалық мақсаттарға әрекеттің сәйкестілігін және оны қамтамасыздандыру қабілетін анықтайды.

Сонымен оқытудың табыстылығы оқушылар үшін маңызды тұлғалық мәнге ие. Кез келген оқытудың негізгі шарты білімді меңгеру талпынысынан байқалады, бірақ нақты мектептік өмірде көптеген жағдаяттарды (қажеттілік, белсенділік) кездестіруге болады.

Жаһанданау заманында «табыстылық» пен қатар «әлеуметтендіру» термині кең таралымға ие болды, бірақ әлі күнге дейін бір мағыналы түсінік қалыптаспады. Ең көп таралған анықтамаға педагогикалық энциклопедияда берілген, онда «әлеуметтену» адамның өмір бойы әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды игеру және жаңғырту процесінде қоршаған ортамен өзара іс қимылда дамуы, сондай ақ өзі тиесілі қоғамда өзін өзі дамыту және өзін өзі жүзеге асыру.

Философияда әлеуметтендіру индивидті ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын еңбек тәжірибелерін, білім мен мінез-құлық нормаларын, құндылықтар мен дәстүрлерді меңгеруге бейімдеу, сондай-ақ қоғамдық қарым-қатынас жүйесіне ендіру, оның бойында әлеуметтік сапаларды қалыптастыру процесі деп анықталады [10].

Э.Дюркгейм білім беру жас ұрпақты біртіндеп әлеуметтендірудің жетекші құралы деп көрсетеді. Бұл жетілген аға буын үлгісінің әлеуметтік өмірге әлі дайын емес жас буынға әсері, оның мақсаты - балада тұтастай алғанда қоғам талап ететін белгілі бір физикалық, зияткерлік және моральдық жай-күйлерді қоздырып, дамыту [11].

«Әлеуметтендіру» – екі жақты процесс: бір жағынан, баланың әлеуметтік ортаға кіру жолымен әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, яғни ортаның адамға әсері; екінші жағынан- адамның оның қызметі арқылы ортаға әсері. «Әлеуметтендіру» ұғымы «тәрбие», «оқыту» сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Мектепте әлеуметтену сабақтарда да, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асып отырады. Сабақта әлеуметтендіру пәнге деген қарым-қатынастан, дербестік, төзімділік танудан, сондай-ақ топта диалог пен жұмыс істеуге дайындықтан басталады.

Жас ерекшеліктеріне байланысты әлеуметтену де кезең кезеңге бөлінеді. Біз төменгі сынып оқушысы мен жоғары сынып оқушыларын бірдей салыстырып қарай алмаймыз. Сол себепті, біздің қарастыратын жас категориясы ол 14-16 жас аралығындағы жасөспірімдер.

Ф. Ариес адамның дамуының басты кезеңдерінің бірі ретінде жасөспірімдік кезеңнің пайда болу және бөліну проблемасымен айналысатын әлеуметтану тарихындағы ең алғашқы новаторболып табылады. Жасөспірімдік кезең- адамның балалық шағынан бастап жастық шағына (11 -12-14-15 жас) дейінгі уақыт аралығы. Бұл астрономиялық уақыт бойынша ең қысқа мерзімде жасөспірім өзінің дамуында Ұлы жолдан өтеді: өз өзімен болатын ішкі қақтығыстар арқылы, сыртқы жарылыстар мен көтерілістер арқылы ол жеке тұлға сезіміне ие бола алады. Бұл ең жауапты кезең, өйткені мұнда адамгершілік негіздері қалыптасады, әлеуметтік ұстанымдар, өзіне, өзгеге, қоғамға деген қарым-қатынастары қалыптасады. Бұдан басқа, осы жаста мінез-құлықтың белгілері мен тұлғааралық мінез-құлықтың негізгі формалары тұрақтанады [12, б.345].

Неміс психологы Ст. Холл жасөспірімдердің даму кезеңін адамның «даралық сезімін» жеңіп алып, өзін-өзі тану дағдарысы ретінде анықтады, бұл жасты «дауыл және құйын» кезеңі деп атады.

Сонымен қатар жасөспірімнің қоғамдағы орны, дәрежесі көтеріліп, өз өзін «ерсек адам» ретінде сезіну процестері болады. Жеке тұлға дәрежесінде дамуы мен өзіндік ойының қалыптасуы, белгілі бір дағдылар есебінен қоғамда табыстылыққа жету ойлары қалыптаса бастайды.

Жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасы, олардың мектепке деген көзқарасы, оқу іс-әрекетінің мотивациясы табысты әлеуметтендіру үдерістерімен тығыз байланысты. Тұлғааралық қарым-қатынас жағдайында жасөспірім тұлғасын әлеуметтендіру мұғалімдер тарапынан жасөспірімнің өмір сүруіндегі әлеуметтендірудің мәнін ұғынуды ғана емес, әлеуметтендірудің мәндік сипаттамаларын білуді, сонымен қатар жасөспірімдердің мінез-құлқында және іс-әрекетінде көрініс деңгейі мен дәрежесі туралы деректерді, жасөспірімдерді табысты әлеуметтендірудің әлеуметтік және жеке тұлғалық маңыздылығын түсінудің тереңдігін талап етеді.

Жасөспірімдерді табысты әлеуметтендіру процесі үшін жасалынатын жағдайлардың бірі- әлеуметтендіруге қажеттілік пен дайындықты диагностикалау болып табылады.

Табысты әлеуметтендіруді диагностикалау технологиясы жауап беруі тиіс бірқатар маңызды талаптарды белгілеуге болды:

1) жүйелілік - оқыту және тәрбиелеу процесінің логикасын, оның барлық бөліктерінің өзара байланысын, тұтастығын ескеру;

2) барлық біліктілік деңгейіндегі мұғалімдердің жаппай қолдануы үшін қол жетімділік;

3) сенімділік - барынша негізделген қорытынды беру;

4) ақпараттылық - диагностикалаудың нәтижелері мәселелердің кең ауқымына жауап беруі тиіс;

5) үнемділік - уақыт пен күш-жігердің минимумын талап ету.

Теориялық тұрғыдан жақсы қарастырылып тұрған мәселе неге іс тәжірибеге келгенде ақсап тұр? Бұл мәселеге неліктен қазіргі уақытта сұранысқа ие болып тұр? Неге жасөспірімдердің жеке тұлға ретінде әлеуметтенуі мектепте елеусіз қалып кою үстінде? Мүмкін, мұғалімдер тарапынан қателік кеттіме?

Әр жастағы балаының "жетекші қызметі" деген ұғым бар. Бұл іс-әрекетке, мысалы, ерте жастағы баланың зеңбіректі-заттық іс-әрекеті, мектепке дейінгі баланың сюжеттік-рөлдік ойыны, кіші мектеп жасындағы оқу іс-әрекеті, жасөспірімдерге арналған қоғамдық пайдалы іс-әрекет және қарым-қатынас болып анықталады. Оқу тағы да көшбасшылық позицияны алады, бірақ кейінірек мамандық таңдауға байланысты (ерте жастықтағы кәсіптік-оқу қызметі). Жетекші қызметті ауыстыру, баланың басқа адамдармен қарым-қатынасы жүйесіндегі жағдайының өзгеруін болжайтын жаңа жетекші қызметті сипаттайтын, жаңа қажеттіліктер мен себептердің туындауымен байланысты. Яғни, біздің жағдай заңды және физиологиялық. Төменгі сынып оқушыларында оқу іс әрекеті жақсы қалыптасты. Осы жастағы балалардың әлеуметтенуі сабақ оқу арқылы сәтті өтеді. Олардың оқуға ынтасы зор, тыңдауға және естуге дайын. Ал жоғары сынып оқушылары ерекше назар аударуды талап етеді, өйткені оларды оқыту іс-әрекеті айтарлықтай азырақ қызықтырады. Олар үшін құрдастарымен қарым-қатынас жасау, өзін-өзі анықтау, өз қажеттіліктерін түсіну маңызды рөлге шығады.

Осыған байланысты тек оқу процесі ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс бос уақыт жасөспірімнің жеке басын дамытуда маңызды рөл атқаратынын атап өткіміз келеді. Бұл білім, дағды алу арқылы мүмкіндіктерді кеңейту процесі, бұл қарым-қатынас жасау үшін алған қабілеттерін пайдалану, мәдени және шығармашылық қызметті жетілдіру. Отбасы және басқа да әлеуметтік орта үлкен рөл атқарады. Жасөспірімнің бос уақытын басқа жас тобындағы балалар сияқты ұйымдастыру керек. Мектепте сабақтан тыс қызметте жасөспірімдерде бар дағдылар мен қабілеттерді іске асыруға мүмкіндігі болуы тиіс. Яғни жасөспірімдер үшін әлеуметтендіру құралы негізінен оның барлық көріністерінде сабақтан тыс қызмет болып табылады.

Заманауи технологиялар білім алушыларға өз бетінше жаңа білім алуға мүмкіндік береді, жүйелі ойлауды дамытады, ой-өрісін кеңейтеді, командада жұмыс істеуге үйретеді

және сонымен қатар өз даралығын көрсетуге мүмкіндік береді. Ең бастысы - осының барлығы жасөспірімдердің табысты әлеуметтенуіне ерекше жағдай жасап, мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, балалардың кім болатыны (жүргізуші, құрылысшы немесе шаштаразшы, т.б.) маңызды емес, олар үшін әлем қандай және олардың әрқайсысы осы әлемде өзі үшін кім екендігі ең маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2019 жылғы 2 қыркүйек. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy
2. Тезаурус ЮНЕСКО МБЛ по образованию. 1993. - 85с. ЮНЕСКО-ның сайты\\ <http://www.unesco.org>.
3. Щуркова Н.Е. Прикладная педагогика воспитания: учеб. пособие/ Н.Е. Щуркова. – СПб.: Питер, 2005. – 245 б.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка.– М.: Русский язык, 1991. -917 б.
5. Аль - Фараби. Социально-этическиетрактаты. - Алма-Ата: Наука, 1973. – 399б.
6. Лосев А.Ф. История античной философии в коннспективном изложении. – М., 1989.
7. Аристотель. Сочинения. В 4-х т. – М.: Мысль. 1976. – Т. 1. -550 б.
8. Квинтилиан М.Ф. Двенадцать книг риторических наставлений/ Пер. с лат. А. Никольского. Ч. 1-2. СПб, 1834. Ч.1. -486с. Ч. 2. – 522 б.
9. Конюхова Т.В., Е.Т.Конюхова Изучение проблемы успеха и успешности личности в контексте междисциплинарного подхода//Известия Томского политехнического университета. – 2009. –Ю 6 (314). б. 112-116.
10. Философский словарь (Под редакцией И.Г. Фролова). – М.:Политиздат, 1986. – 589 б.
11. Дюркгейм Э.О разделении общественного труда. Метод социологии /Пер. с фр. А.Б. Гофмана. М.: Наука, 1990 – 575 б.
- 12.Аръес Ф. Ребенок и семейная жизнь при Старом порядке. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 1999 , 345 б.